

**Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесі туралы
ҚР ҰБ Төрағасы Т.М. Сүлейменовтің мәлімдемесі
2025 жылғы 5 маусым, Астана**

**Құрметті бұқаралық ақпарат құралдарының
өкілдері!**

Құрметті журналистер!

Қайырлы күн.

Ұлттық Банкке қош келдіңіздер.

Ұлттық Банктің Ақша-кредит саясаты комитеті базалық мөлшерлемені 16,5% деңгейінде **сақтау туралы** шешім қабылдады.

Шешім экономикалық өсім мен инфляцияның жаңартылған болжамдары, сондай-ақ сыртқы және ішкі жағдайлар мен тәуекелдер балансы ескеріле отырып қабылданды.

Экономикадағы инфляциялық қысым, ең алдымен, қызметтер мен азық-түлік саласында күшейіп келеді. Инфляциялық күтулер де жоғарылады.

Сұраныс ұсыныстан артып отыр. Тұтынушылық несиелеудің әлі де жоғары болуы инфляцияны қосымша күшейтуде.

Сыртқы экономикалық конъюнктура құбылмалы. Әлемдік азық-түлік бағасы өсіп, мұнай бағасы төмендеді. Ал, Ресейде жоғары инфляция сақталып отыр.

Осындай жағдайда тәуекелдер балансы проинфляциялық жақта қалды.

Инфляциялық күтулерді төмендетіп, инфляцияны тұрақты түрде бәсеңдету үшін ақша-кредит саясатының қазіргі қатаң деңгейін ұзағырақ сақтау қажет болып отыр.

Дезинфляциялық үдерісте пайыздық саясатпен қатар қосымша шаралар да маңызды рөл атқарады.

Енді шешім қабылдауға түрткі болған факторлар жайында толығырақ

БІРІНШІ. ИНФЛЯЦИЯ МЕН ИНФЛЯЦИЯЛЫҚ КҮТУЛЕР ДИНАМИКАСЫ.

Мамыр айының қорытындысы бойынша **жылдық инфляция 11,3%-ке** жетті. Инфляцияның қарқыны өткен жылдың соңынан бері байқалып келеді.

Бағаға қысым көрсетуші негізгі фактор — қызмет көрсету саласы. Жылдық мәнде сервистік компонент **16%-ке** өсті.

Сонымен қатар, егер I тоқсанда сервистік инфляцияның негізгі өсіміне реттелетін тұрғын үй-коммуналдық қызметтері үлес қосқан болса, II тоқсаннан бастап алдыңғы қатарға нарықтық қызметтер шыға бастады.

Реттелетін тұрғын үй-коммуналдық қызмет тарифтерінің жылдық өсімі **25,8%-ті** құрады. Реттелмейтін нарықтық қызметтер де **14,7%-ке** қымбаттады.

Реттелмейтін қызмет түрлеріне бағалардың тез өсуі ішкі сұраныстың жоғары екенін айғақтайды, себебі бұл қызметтер

мемлекет тарапынан реттелмейді және сұраныс тарапынан қосымша теңгерімсіздікке ұшырайды.

Сервистік инфляция бағасының жедел өсуімен қатар азық-түлік инфляциясының бағасы да көтеріліп келеді. Мамыр айында ол 9,6%-ті құрады. Бұл, ең алдымен, ауыл шаруашылығы өнімдерінің біртіндеп қымбаттауымен байланысты. Азық-түлік бағасының өсуіне курстық фактор да әсер етті: импорттық, әсіресе, ТМД елдерінен келетін тауарлардың көтерме бағасы да өсіп тұр.

Жақсы жаңалықтан – базалық инфляция мамыр айында 0,8%-ті құрады. Ал маусымдық факторды ескермегендегі инфляция 0,9% болды. Осы факторлардың көрсеткіші бірнеше ай тұрақты болып, кейін аздап төмендегенін көрсетті.

Алдағы жылы күтілетін инфляция 14,1%-ті құрады. Бұл бағалауларда жанар-жағармай бағасының өсуі мен ҚҚС-тың жоспарланған арттыруы көрініс тапқан.

Нарықтың кәсіби қатысушылары біршама ұстамды болғанымен, 2025 жылға арналған инфляцияның медиандық болжамы **10,7%-ті** құрайды.

ЕКІНШІ. ІШКІ ЭКОНОМИКАДАҒЫ ҮРДІСТЕР.

Экономикалық белсенділік артып келеді. Алдын ала мәліметтер бойынша қаңтар-сәуір айларында жалпы ішкі өнім қарқыны 6%-ке барды. Оған себеп – мұнай өндірісінің қалыпқа келуі және шикізаттық емес салалардағы қарқынның артуы.

Ең жоғары өсім 22,4%-пен көлік және қоймалау саласында, оның ішінде құбыржелісі көлігінде және құрылыс саласында да байқалды –16,2%. Мұның бәрі инфрақұрылымдық жобалардың іске асырылуымен тығыз байланысты.

Баға өсімі тіркелген салаларда еңбек өнімділігі артқаны да байқалады. 2025 жылғы бірінші тоқсанда өнім беру көлік, құрылыс, ауыл шаруашылығы мен өңдеу өнеркәсібі салаларында нақты жалақының динамикасынан асып түсті. Бұл жақсы фактор, өйткені шығындарға тосқауыл болып, бірқатар секторда дезинфляциялық әсер қалыптастырды.

Соған қарамастан, экономикадағы өндіріс секторы ішкі сұранысты қамтамасыз ете алмай отыр. Сұраныс пен ұсыныс арасындағы айырмашылық сақталып, инфляциялық қысымды күшейте түсті.

Тұтынушылық белсенділік артып келеді. Алдыңғы айларда біраз тұрақты болғаннан кейін сәуір айында қайта көтерілгені де байқалады.

Сұраныстың өсуіне тұтынушылық кредиттеудің белсенді орындалуы мен нақты кірістердің қалыпты өсуі себеп болды.

Тұтынудың жоғары деңгейі, әсіресе, азық-түлікке жатпайтын тауарлар сегментінде төлем карталары бойынша айналымның ұлғаюымен және бөлшек саудадағы тауар айналымының жандануымен расталды.

Тұтынушылық белсенділіктің артуын растайтын қосымша фактор – ірі сатып алуларға, әсіресе автокөліктерге деген қызығушылықтың қайта жанданғаны болды.

Инвестициялық белсенділік те жоғары болып, қаңтар-сәуір айларында 13,7%-ке өсті. Оған инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға бағытталған мемлекеттік инвестициялар, әсіресе, Ұлттық қордан бөлінетін трансферттер едәуір үлес қосты.

Біз экономикалық белсенділіктің өнімділіктің артуымен нығайғанын құптаймыз. Алайда өндірістік мүмкіндіктер сұраныс өсіміне ілесе алмай отыр.

ҮШІНШІ. СЫРТҚЫ ОРТА ФАКТОРЛАРЫ.

Сыртқы инфляциялық жағдай қолайсыз қалыптасып отыр. Оған себеп – Ресейдегі жоғары инфляция және әлемдік азық-түлік нарықтарындағы бағаның өсуі.

ФАО деректері бойынша сәуір айында азық-түлік бағасының индексі 128,3 тармаққа дейін көтеріліп, жыл басынан өсу үрдісін жалғастыруда.

Дамыған елдерде инфляциялық қысым төмендеп келеді. Еуроодақта инфляция 2,4%-ке дейін, **АҚШ-та** – 2,3%-ке дейін баяулады.

Саудада қалыптасқан шиеленіске қарамастан, Еуропа Орталық банкі дезинфляциялық факторлар басым болғанымен, инфляциялық таргетке қол жеткізу мүмкіндігіне сенімді екенін білдірді. Сонымен қатар, АҚШ-тың Федералдық

резерв жүйесі (ФРЖ) сақтық танытып, күту ұстанымын сақтап қалды. Инфляциялық тәуекелдердің сақталуы мен АҚШ-тың экономикалық тұрғыда даму жолын және сауда саясаты бағытына қатысты белгісіздікті ескере отырып, мөлшерлеме өзгеріссіз қалдырылды.

Ресейдегі инфляция 10,2%-ке дейін баяулағанмен, нысаналы деңгейден едәуір асып түсті. Ресей Банкі қатаң саясатты жалғастырып, негізгі мөлшерлемені 21% деңгейінде ұстап тұр. 2026 жылдың соңына таман мақсатты бағдарға жету үшін биыл негізгі мөлшерлемені 19,5–21,5% аралығында сақтауды көздейді.

Бұл жағдайда теңгеге қатысты рубльдің нығаюы Қазақстан үшін маңызды факторға айналып келеді. Бір жағынан, бұл отандық өндірушілер, әсіресе, өңдеу өнеркәсібі үшін бағалық артықшылық туғызады, екінші жағынан – Ресейден келетін импорттың едәуір көлеміне байланысты инфляциялық үдерістерге әсер етеді.

Мұнай нарығындағы жағдай да тұрақсыз. Қытай тарапынан сұраныс төмендегесін, ОПЕК+ елдерінен түсетін ұсыныстың ұлғаюын күтуден және жаһандық сауда шиеленісінің күшеюінен бағаға қысым бар.

Қазіргі жағдайды ескерсек, болжамның базалық сценарийінде Brent маркалы мұнайдың орташа бағасы алдыңғы раундтағы 1 баррель үшін 73 долларға қарсы 65 доллар деңгейінде белгіленді.

Сауда эскалациясы және мұнай бағасының күрт төмендеуі шикізат нарығына құрылымдық жағынан тәуелді екенімізді көрсетті. Мұндай жағдайда Ұлттық қордың ресурстарын жинақтап, барынша тиімді пайдаланған жөн.

* * *

Енді болжамдар туралы.

Осы және алдағы жылға жоспарланған инфляция болжамы қазіргі макроэкономикалық жағдайларды ескере отырып қайта қаралды.

Жаңартылған бағалау деректеріне сәйкес, 2025 жылы инфляция – 10,5-12,5%, 2026 жылы – 9,5-11,5% аралығында қалыптасуы мүмкін деп күтілуде. Бұл болжамдар азық-түлік бағасының өсуіне, және сұранысқа қарай жоғары проинфляциялық қысымның қалыптасуына байланысты қайта қаралды.

2027 жылға арналған болжам 5,5–7,5% деңгейінде сақталды. Бұл жүргізіліп жатқан ақша-кредит саясатының дезинфляциялық әсері күшейген сайын және Үкімет тарапынан қаржылық саясаттың қатаюына қарай инфляцияның мақсатты деңгейге біртіндеп оралуы күтуді білдіреді.

Ал инфляцияның тұрақты компоненті, яғни реттелетін бағаларды, жанар-жағармай бағасы мен басқа да құбылмалы факторларды шегергендегі инфляция болжамдық кезеңнің

соңына, яғни 2027 жылға қарай 5%-тік мақсатты деңгейге жетеді.

Инфляция **болжамына қатысты тәуекелдер** ішкі сұраныстан қалыптасқан қысымның күшейе түсуімен, сыртқы ортадан келетін теріс әсерлердің артуымен байланысты. Оның ішінде Ресейдегі инфляцияның қарқын алуы, реттелетін бағалардың өсуі және олардың инфляциялық күтулер мен инфляцияның орнықты бөлігіне тигізетін жанама әсері бар.

2025 жылға арналған **экономиканың өсу болжамы 6%-ке дейін** – өсу жағына қайта қаралды.

Бұл қайта қарау – мұнай өндіру, өңдеу өнеркәсібі мен басқа да салалардағы өсім қарқынын, инвестициялық белсенділіктің орнықтылығын және ішкі сұраныстың айқын кеңеюін көрсетеді.

2026 жылдың болжамы керісінше **4-5%-ке** дейін біршама төмендеу жағына қарай нақтыланды. Бұл шикізат және мұнай нарығындағы баға конъюнктурасының әлсіреуімен бірге жаңартылған сыртқы және ішкі жағдайлардың әсеріне байланысты.

Болжам бойынша, **2027** жылға қарай фискалдық ынталандыруды қатаңдату және бюджеттік шоғырландыруға көшу кезінде экономика **орташа тарихи деңгейге сәйкес** қалыптасады. Айта кету керек, бұл бағалаулар Үкімет пен жалпы мемлекеттік аппарат жүзеге асырып жатқан құрылымдық реформалар табысты іске асқан жағдайда қайта қаралуы мүмкін.

Құрметті журналистер!

Қалыптасқан жоғары инфляция мен болжамның қайта қаралуы ақша-кредит саясатының қазіргі қатаң деңгейін бұрын болжанғаннан ұзағырақ сақтау қажет екенін көрсетеді.

Ақша-кредит саясатының тікелей құралдарынан бөлек, Ұлттық Банк дезинфляциялық әсерді күшейтуге бағытталған қосымша шараларды іске асыруды бастап кетті.

Біріншіден, бұл – тұтынушылық несиелеуді тежеуге бағытталған макропруденциялық шаралар. Бұрын айтқанымыздай, олар жеке тұлғалардың кредиті бойынша контрциклді капитал буферін енгізуді көздейді.

Сонымен қатар, Қаржы нарығын реттеу агенттігімен бірлесіп микропруденциялық реттеу шаралары пысықталып жатыр. Мысалы, ең жоғары жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі (ЖТСМ) төмендетілді.

Бұған қоса, Агенттік кепілсіз тұтынушылық қарыздың шекті мөлшерін шектеу және 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар тұлғаларға мұндай қарыздарды беруге тыйым салу секілді басқа да шаралар бойынша бірқатар микропруденциялық құралдарды іске асырды.

Өз тарапымыздан, біз қосымша құралдарды нақтылау бағытында жұмысты бастап кеттік. Олардың қатарында борыш жүктемесінің коэффициенті (КДН) мен қарыздың табысқа қатынасы (DTI) бар. Қажет болған жағдайда бұл құралдар

жүйелік тәуекелдерді төмендету және дезинфляциялық әсерді күшейту мақсатында қолданылады.

Екіншіден, минималды резервтік талаптар (МРТ) механизмі қатаңдатылады. Өздеріңіз білесіздер, қазіргі таңда бұл талаптар аймақтағы ең төмен деңгейде, әрі инфляциялық қысымды күшейтетін әсерге ие. МРТ-ның қатаңдатылуы банктік жүйедегі артық өтімділікті тиімді түрде шектеуге, өнімсіз әрі инфляциялық қысым тудыратын секторларға бағытталатын ресурстар көлемін азайтуға, сондай-ақ нақты секторды несиелеу ісін жандандыруға ынталандырады. Осылайша, МРТ-ны түзету саясаттың дезинфляциялық әсерін күшейтіп қана қоймай, қаржыландыру ағындарының тұтынушылық пен бизнес-несиелеу арасындағы құрылымдық теңгеріміне ықпал етеді.

Үшіншіден, Ұлттық Банк алтынмен жасалатын операцияларды айналау механизмін қолдану әдісін жалғастырады.

Мәселен, 2025 жылдың алғашқы бес айында Ұлттық Банк осы механизм аясында ішкі нарықтан шамамен 1,2 трлн теңгені шығарды. Халықаралық нарықтарда алтын бағасы өскенін ескере отырып, біз бұл айналау операциясы осы жылдың ішінде қосымша 3,3 – 3,6 трлн теңгені стерилизациялауға көмектеседі деп болжаймыз.

Төртіншіден, Үкіметпен бірқатар бағыттар бойынша бірлескен жұмыстар жүріп жатыр.

Ең алдымен, **фискалдық саясатты** неғұрлым теңгерімді, проциклдік емес бағытқа көшіру маңызды. Біз алдағы жылдары Ұлттық қордан түсетін трансферттерге бюджеттің тәуелділігі азаяды деп болжаймыз. Бұл жиынтық сұраныс тарапынан болатын инфляциялық қысымды төмендетуге мүмкіндік береді.

Мысалы, әлеуметтік-экономикалық даму болжамына сәйкес, 2026 және 2027 жылдары жыл сайын 2 трлн теңге көлемінде трансферт бөлу көзделген. Бұл шаралар жүзеге асқан жағдайда, инфляцияны төмендетуге ықпал етіп, жүргізіліп жатқан ақша-кредит саясатының әсерін күшейтеді.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысы тапсырған **инфляцияны бақылау жөніндегі кешенді шаралар жоспарын** өзектендіру және күшейту де маңызды. Осы жағдайда тарифтік саясаттың қарқыны ерекше өзектілікке ие.

Сумен жабдықтау, су бұру және электр қуаты сияқты бірқатар бағыттарда бағаның ұзақмерзімді өсу қарқыны жалпы инфляция мен қызмет көрсету саласындағы инфляциядан да асып түсті. Соның салдарынан реттелетін сектор қосымша баға қысымын қалыптастырып отыр.

Біз тарифтік саясат параметрлерін қайта қарау мүмкіндігі бойынша Үкіметпен белсенді консультациялар жүргізіп жатырмыз. Бұл ретте, тарифтердің өсу қарқыны инфляциялық мақсаттармен үйлесіп, халықтың сатып алу қабілетін сақтауды қамтамасыз етуге тиіс деген ұстанымға басымдық беріліп отыр. Сонымен бірге біз инфрақұрылымды жаңғырту мен

тарифтік реформаның қажеттілігін мойындаймыз – бұл қызметтердің сапалы әрі үздіксіз көрсетілуі үшін маңызды. Алайда мұндай шешімдер тиімділікке қатысты ашық бағалауға негізделіп, ақша-кредит және макроэкономикалық саясаттың мақсаттары мен олардың тұрақтылығымен өзара үйлесімді түрде қабылдануы керек.

Ұлттық Банк алға қойған өз мақсатын ұстана отырып, инфляцияны 5%-тік деңгейге қайтаруды қамтамасыз ету жолында әрекет етуге дайын. Қажет болған жағдайда саясатты қатаңдату шараларын қабылдауы да мүмкін.

Бұл мақсатқа қол жеткізу тек қатаң монетарлық позицияны ғана емес, сонымен қатар, осыған дейін атап өткенімдей, барлық экономикалық саясат жүргізуші органдардың үйлесімді іс-қимылын қажет етеді.

Құрметті журналистер!

Сұрақтарға көшпес бұрын, осы мүмкіндікті пайдаланып, коммуникациялық саясатымыздағы жаңа бағыт туралы қысқаша айтып өткім келеді.

Ағымдағы болжамдық раундтан бастап, әлемдік тәжірибеге сәйкес, Ұлттық Банк базалық мөлшерлеме бойынша қабылданған шешімдерді талқылауға негізделген резюмені жариялай бастайды.

Бұл нарық қатысушыларына, қаржы институттарына және кең аудиторияға Ақша-кредит саясаты жөніндегі комитет мүшелері қабылдайтын шешімдердің логикасын тереңірек

түсінуге және процестің ашықтығын арттыруға мүмкіндік береді.

Менің ойымша, бұл қадам ақша-кредит саясатына және Ұлттық Банктің жұмысына сенімді күшейтеді.

Толығырақ ақпаратты біз дүйсенбі күні сарапшылармен өтетін кездесуде ұсынамыз. Сондай-ақ, талқылау нәтижелерінің қысқаша мазмұны жарияланғаннан кейін, қосымша сұрақтарға жауап беруге дайын боламыз.

Назарларыңызға рақмет!

Енді Сіздердің сұрақтарыңызға жауап беруге дайынбыз.